



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №28 мектеп - гимназиясы» КММ

**Бастауыш әдістемелік бірлестігінің онкүндігінің жоспары:**

**Тақырыбы:** «Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам» атты апталықтың салтанатты ашылуы.

**Мақсаты:** Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

№	Өткізілетін іс-шара	Сынып	Мерзімі	Өткізілетін орны	Жауапты мұғалімдер
1	«Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам» атты апталықтың салтанатты ашылуы.	1-4	27.11.2023	2 қабатта	Бастауыш сынып мұғалімдері
<b>Ашық сабақтар айнасы</b>					
1	Пәні: Әдебиеттік оқу Тақырыбы: «Ескі қорғандардың сыры»	4 «Ә»	27.11.2023 4-сабақ.10.35-11.15	207 кабинет	Жусупова Л.А.
2	Пәні: Математика Тақырыбы: «Ондықтарды қосу және азайту»	1 «А»	28.11.2023 2 сабақ. 08.45-09.25	101 кабинет	Нургожина Г.А.
3	Пәні: Жаратылыстану Тақырыбы: «Денсаулықты қалай күту қажет?»	2 «Ә»	28.11.2023 3 сабақ. 09.40-10.20	215 кабинет	Сарсембаева А.С.
4	Пәні: Математика Тақырыбы: «Ондықтарды қосу және азайту»	1 «Б»	29.11.2023 2 сабақ. 08.45-09.25	210 кабинет	Балқанова Т.Е.
5	Пәні: Әдебиеттік оқу Тақырыбы: «Күн тәртібі»	3 «Ә»	30.11.2023 3-сабақ.09:40-10:20	203 кабинет	Айнабекова Р.С.
6	Пәні: Әдебиеттік оқу Тақырыбы: «Қазіргі роботтар. Арман»	2 «Б»	30.11.2023 5-сабақ.11.30-12.10	105 кабинет	Сырымбекова А.Е.
7	Пәні: Математика Тақырыбы: «Сандарды рим цифрымен жазу»	2 «А»	01.12.2023 1-сабақ.08.00-08.40	204 кабинет	Казиева У.И.
8	Пәні: Әліппе Тақырыбы: «Не білдім? «Не үйрендім?»	1 «Ә»	01.12.2023 2-сабақ.08.45-09.25	201 кабинет	Орынбаева Г.Т.
9	Пәні: Әдебиеттік оқу Тақырыбы: «Мамандық туралы ойым»	4 «А»	04.12.2023 3-сабақ.09.40-10.20	209 кабинет	Жаканова М.С.
10	Пәні: Қазақ тілі Тақырыбы: «Бастауыш»	3 «А»	05.12.2023 2-сабақ.08.45-09.25	202 кабинет	Шалтенова К.Г.
11	Пәні: Жаратылыстану Тақырыбы: «Демалудың пайдасы»	1 «В»	05.12.2023 3 сабақ. 09.40-10.20	211 кабинет	Жилкайдарова Ж.Б.

Сыныптан тыс жұмыстар					
1.	«Мен көркем жазамын» атты көркем жазу сайысы	1-4 сыныптар	28.11.2023 12.30	кітапхана	Балқанова Т.Е.
2.	Интеллектуалды ойын «Миллион кімге бұйырады»	3-4	05.12.2023 14.00	101 кабинет	Сырымбекова А.Е. Сарсембаева А.С.
3.	«Мақал сөздің мәйегі» мақал-мәтелдер сайысы	2-4	07.12.2023 12.30	203 кабинет	Айнабекова Р.С. Жусупова Л.А.
4.	Пәндік олимпиада	1-4	12.30	207 кабинет	
5.	«Р р» дыбысы мен әрпін машықтандыру	1 «Ә»	07.12.2023 13.00-13.35	206 кабинет	Кабдирашова А.К. Жилкайдарова Ж.Б.
6.	«Өнерлі отбасы» отбасылық өнер сайысы	1-4 сыныптар	04.12.2023 12.00	Акт залы	
7.	“Эмоциялар әлемі” тренинг	4 “Ә” сыныбы	07.12.2023 12.15-12.45	207 кабинет	Болтрик М.А.
Тәрбие көзі- тал бесік					
1.	«Мен әлемді қазақша бейнелеймін» дресс-код	1-4	01.12.2023		1-4 сынып жетекшілері
2.	«Көк тудың желбірегені»	1 «Б»	04.12.2023 11.30-12.10	210 кабинет	Балқанова Т.Е.
3.	«Кітап-асыл қазына»	4 «Ә»	07.12.2023 12.15-12.55	207 кабинет	Жусупова Л.А.
4.	«Отбасы-бақыт мекені»	2 «Б»	06.12.2023 12.15-12.55	105 кабинет	Сырымбекова А.Е.
5.	«Мен әдепті баламын»	1 «В»	07.12.2023 11.30.12.10	211 кабинет	Жилкайдарова Ж.Б.
6.	«Еңбек бәрін жеңбек»	2 «Ә»	07.12.2023 13.00.13.40	215 кабинет	Сарсембаева А.С.
1.	Қалалық әдістемелік отырыс	1-2 сыныптар	06.12.2023	Акт залы	1-2 сынып жетекшілері Психолог
1.	«Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам» атты апталықтың жабылуы, қорытындысы	1-4	08.12.2023	Акт залы	Бастауыш сынып мұғалімдері

Бастауыш сынып апталығында бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдері ерекше көңілмен дайындалды. Апталық кезінде өткізілетін ашық сабақтар мен іс-шаралардың жоспары құрылып мектеп директоры Ж.Б. Исмайлова бекітті.

Апталық қарсаңында бастауыш сынып оқушылары оқитын мектептің 1 қабаты тақырыпқа, мерекеге сай шаралармен, апталықтың түсті қағаз бетіне басылған атымен, түрлі әдемі суреттермен, қабырға газеттерімен, гүлдермен безендірілді.

Бастауыш сыныптар апталығы 27 қараша күні **«Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам»** атты апталықтың салтанатты ашылуын өткізуден басталды. Ашылу салтанатына барлық бастауыш сынып оқушылары оқу-білім туралы жаттаған өлең жолдарын айтып, апталықты бірінші болып ашты, 2 сынып пен 3 сынып оқушылары ән айтты, 4 және 3-ші сынып оқушылары би билеп, білім жайлы өлеңдерін мәнерлеп оқып берді. Басқа да мәліметтер берілді.



Онкүндіктің келесі күні ашық сабақтармен жалғасын тапты. 27 қарашада 4 «Ә» сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен «Ескі қорғандардың сыры» ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Жусупова Л.А.



Сабақтың мақсаты: шығармадан әдеби көркемдегіш құралдары ( теңдеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табады және оларды қолданады. Оқушылар сабаққа үлкен қызығушылық танытып, белсене қатысты. Мұғалімнің сабаққа дайындаған көрнекі құралдары эстетикалық талғамға сай болды. Мұғалім сабақты түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік әдістеріне сүйене отырып жүргізді. Сабақ кезінде ойын элементтері орынды қолданылды. Бағалау кезеңінен мұғалім табыс баспалдағын қолданды.

28 қараша күні 1 «А» сыныбында математика сабағынан «Ондықтарды қосу және азайту» ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Нургожина Г.А.

Мұғалімнің сабақ жоспары әдістемелік талап тұрғысына сай құрылған. Сабақ дамытушылық бағытқа құрылды. Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларына көп көңіл бөлініп, математикалық терминдер меңгеріліп, қиындық туғызатын тапсырмалар орындауға көмек көрсетілді. Сабақта жаңа ақпараттық технология құралдарын көрнекті құрал ретінде қолданылды.



28 қараша күні 2 «Ә» сыныбында жаратылыстану пәнінен «Денсаулықты қалай күту қажет?» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Сарсембаева А.С.



Мұғалімнің сабақ жоспары жас ерекшелігіне байланысты әдістемелік талап тұрғысына сай деңгейде құрылған. Әдіс-тәсілдерді сабақ кезеңдеріне сай ұтымды пайдалана білді. Соның ішінде оқушының атмосферасын көтеру мақсатында шаттық шеңбері аясында тілек айту арқылы бір-біріне көтеріңкі көңіл, жағымды атмосфера туғызды. Тақырыпты ашу мақсатында ворд вол бағдарламасы арқылы шашыраңқы әріптерді көрсетіп оқушыларға сыни тұрғыдан ойландыратын өз бетінше шешім шығаруға, өз ойын ортада еркін түрде білдіруге бағыт береді.

29 қараша күні 1 «Б» сыныбында математика пәнінен «Ондықтарды қосу және азайту» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Балқанова Т.Е.

Сабақтың мақсаты: ондықтарды қосуды және азайтуды орындайды. Ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындау.

Мұғалімнің сабақ жоспары әдістемелік талап тұрғысына сай құрылған. Сабақ дамытушылық бағытқа құрылды. Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларына көп көңіл бөлініп, математикалық терминдер меңгеріліп, қиындық туғызатын тапсырмалар орындауға көмек көрсетілді. Сабақта жаңа ақпараттық технология құралдарын көрнекті құрал ретінде қолданылды.



30 қараша күні 3 «Ә» сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен «Күн тәртібі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Айнабекова Р.С.

Мұғалімнің сабақ жоспары әдістемелік талап тұрғысына сай жоғары деңгейде құрылған. Сабақта жаңа ақпараттық технология негізінде әдіс-тәсілдер қолданылды. Сабақта күнделікті өмірмен байланысқа, сөз мәнеріне, сөйлеу дағдыларына тәрбиелік кезеңдеріне көп көңіл бөлінді. Өздік жұмыс, қабілетті оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. Қабілеті төмен оқушылармен жұмыс жасауға көп көңіл бөле отырып, алған білімдерін тұрақтандыруы үшін лайықты тапсырмаларды оңтайлы бере алды. Сабақ өз мақсатына жетті. Топ бірін-бірі, топ ішінде бағалай алды.



30 қараша күні 2 «Б» сыныбында әдебиеттік оқу сабағынан «Қазіргі роботтар. Арман» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Сырымбекова А.Е.


Сабақтың мақсаты: Шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу. Сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу.



Мұғалімнің сабақ жоспары әдістемелік талап тұрғысына сай жоғары деңгейде құрылған. Сабақ дамытушылық бағытқа құрылды. Сабақта жаңа ақпараттық технология құралдарын көрнекті құрал ретінде қолданды. Тақырыпты ашу мақсатында роботтың көмегімен оқушыларға сыни тұрғыдан ойландыратын өз бетінше шешім шығаруға, өз ойын ортада еркін түрде білдіруге бағыт берді. Мұғалімнің сабаққа дайындаған көрнекі құралдары эстетикалық талғамға сай болды. Сабақ кезінде ойын элементтері орынды қолданылды.

1 желтоқсан күні 2 «А» сыныбында математика сабағында «Сандарды рим цифрымен жазу» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Казиева У.И.

Мұғалімнің сабақ жоспары балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты әдістемелік талап тұрғысына сай деңгейде құрылған. Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларына көп көңіл бөлініп, математикалық терминдер меңгеріліп, қиындық туғызатын тапсырмаларды орындауға көмек көрсетілді.



Интербелсенді әдіс-тәсілдерді сабақ кезеңдеріне сай ұтымды пайдалана білді. Оқушылар сабаққа үлкен қызығушылық танытып, белсене қатысты.



1 желтоқсан күні 1 «Ә» сыныбында әліппе пәнінен «Не білдім? Не үйрендім?» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сынып жетекшісі: Орынбаева Г.Т.

Сабақтың мақсаты: дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, буын санын анықтайды. Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қояды.



Сабақ барысында кеспе әріптер, әріп таңбасы, текшелер, суреттер, слайдтар көрнекілік ретінде пайдаланылды. Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын әдіс-тәсілдерін қолданды. Оқушылар сабаққа үлкен қызығушылық танытып, белсене қатысты. Мұғалімнің сабаққа дайыдаған көрнекі құралдары эстетикалық талғамға сай болды. Мұғалімнің сабақты түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік әдістеріне сүйене отырып жүргізді. Оқушылар дыбыстық талдау жасап, өз ойларымен еркін бөлісті.

4 желтоқсан күні 4 «А» сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен «Мамандық туралы ойым» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Жаканова М.С.

Мұғалімнің сабақ жоспары әдістемелік талап тұрғысына сай құрылған. Оқушыларды ойлау, есте сақтау қабілеттері ескеріліп, сабақтың әр кезеңінде қызығушылығын ояту, байланыстыра сөйлеу, сөздік қорын молайту көзделді.





Мұғалімнің түсіндіруі барысында ғылымилық, өмірмен байланыс жасалды. Сабақ кезеңдері арасында байланыс болды. Әдіс-тәсілдер оңайдан күрделіге қарай рет ретімен жүргізілді. Әр тапсырма ұсынылғанда барлық оқушы түгел қатысуы қамтамасыз етілген.

4 желтоқсан күні 1 «В» сыныбында жаратылыстану пәнінен «Демалудың пайдасы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Жилкайдарова Ж.Б.

Сабақтың мақсаты: Адамның дұрыс өсуі мен дамуы үшін демалыстың маңызды екенін түсіндіру.

Мұғалім сабақты түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік әдістеріне сүйене отырып жүргізді. Сабақ кезінде ойын элементтері орынды қолданылды. Сабақта жаңа ақпараттық технологиялар негізінде әдіс-тәсілдер қолданылды. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, өмірмен байланыс жасады. Өздік жұмыс, қабілетті оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. Қабілеті төмен оқушылармен жұмыс жасауға көп көңіл бере отырып, алған білімдерін тұрақтандыру үшін лайықты тапсырмаларды оңтайлы бере алды. Сабақ өз мақсатына жетті.

Онкүндік аясында сабақтан тыс іс-шараларда өтті. Соның бірі 1-4 сыныптар оқушыларымен «Мен көркем жазамын» атты көркем жазу сайысы өтті. Сыныптан тыс іс-шараға бірлестік мүшелері қатысты. Сайысқа барлығы 22 оқушы қатысты. «Көркем жазу» сайысы барысында әр сыныпқа өз деңгейіне сай тапсырмалар берілді.

Сайыстың қортындысын қазақ тілі пәнінің мұғалімі Шүкей Г.Н. және мектеп педагог-логопеді Айнаш Кабиллаевна шығарды. Оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.



7 желтоқсан күні 1 «Ә» сыныбында «Р р» дыбысы мен әріпін машықтандыру тақырыбында сабақ өткізілді. Ұйымдастырушы: Кабдирашова А.К.

Сабақтың мақсаты: Р р дыбысы сөздің басында, ортасында, сөздің аяғында келетін сөздерде дұрыс айтуға машықтандыру.

Фонематикалық қабылдауын, байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын арттыру.

Тыныс алу ретін дамыту.

Рр дыбысының кескінімен таныстыру.

Сабақ барысында айна алдында мимикалық, ерінге, тілге арналған жаттығулар жасалды. Мұғалімнің сабаққа дайындаған көрнекі құралдары эстетикалық талғамға сай болды.



4 желтоқсан күні 1-4 сыныптар арасында «Өнерлі отбасы» атты отбасылық өнер сайыс өткізілді. Ұйымдастырушы: Жилкайдарова Ж.Б.

Мақсаты: Ата-аналармен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, олардың отбасылық тәрбие туралы білімдерін кеңейту, тәрбиенің үздік үлгілерін насихаттау, ұлттық мәдениетті дәріптеу.



Шығармашылық сайыс «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде «Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам» бастауыш бірлестігінің апталық аясында өткізілді. Сайысқа барлығы 5 отбасы қатысты. Қатысушылардың арасында жағымды ахуал тудыру мақсатында шаттық шеңберінде ұйымдастыру жұмыстарымен бастау алды. Сайыс екі кезеңде өтті. Бірінші кезеңде отбасылар өз балаларымен өз өнерлерін ортаға салды. Келесі кезеңде ситуациялық сұрақтар қойылып, олардың қызықты жауаптары бағаланды. Сайыс соңында барлық қатысушылар мақтау қағаздарымен, арнайы мектептің аты жазылған медальмен және балалар ертегі кітаптар, сыйлықтармен марапатталды.



4 желтоқсан күні 1 «Б» сыныбында «Көк тудың желбірегені» атты тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: Балқанова Т.Е.

Мақсаты: Балалардың Отанға деген мақтаныш, патриоттық сезімін дамыту. «Отан» деген сөздің терең мәнін түсіндіріп отыру.

Тәрбие сағаты шаттық шеңберімен басталды. Оқушылар пойызды темір жол бойымен жүргізіп, әр түрлі аялдамаларға тоқтап жаңа ақпаратпен танысты. Сабәк барысы 4 аялдамадан тұрды. Оқушылар сөзжұмбақ шешіп, «Туған жер» тақырыбында аппликация құрастырды. Тәрбие сағаты «Мен елімнің азаматымын» ойымен аяқталды.



4 «Ә» сыныбында «Кітап- асыл қазына» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сынып жетекшісі: Жусупова Л.А.

Мақсаты: Кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру. Мәдениетті, парасатты, рухани ойлау терең, ар-ожданы мол еңбекқор ұрпақты тәрбиелеу. Кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу.

Тәрбие сағаты Ахмет Байтұрсынұлының өлеңімен басталды. Мұғалім кітаптың шығу тарихына тоқталды. Оқушылар кітап туралы дайындаған тақпақтарын айтты. Тәрбие сағаты «Жалғастыр» ойынымен жүзеге асты. Оқушылар білім, кітап туралы мақалдарды айтып жарысқа түсті. Сабақтың соңында кітапты ұқыпты ұстау ережесімен таныстырылды.

2 «Б» сыныбында «Отбасы- бақыт мекені» атты тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: Сырымбекова А.Е.

Мақсаты: бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орны ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындырып оқушыларды ынтымақ пен ұжымдыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысында сұрақ-жауап, пікір алмасу, ой қозғау әдістері қолданылды. Отбасының адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру мақсатында оқушыларға ситуациялық жағдаяттар ұсынылды. Тәрбие сағатының соңында оқушылар «Атамекен» әнін орындады.

1 «В» сыныбында «Мен әдепті баламын» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сынып жетекшісі: Жилкайдарова Ж.Б.

Мақсаты: Оқушыларды әдептілікке, ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету. Жақсы қасиеттерді бойына сіңіре отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын таным белсенділігін арттыру, оқушыларды сыпайлыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысында қолданылған көрнекіліктер эстетикалық талаптарға сай болды. «Жалғастыр», «Еркін жазу» әдістері, жағдаят шешу, мақал-мәтелдерді жалғастыру ойындары оқушылардың қызығушылығын арттыру. Оқушылар адамгершілік қағидаларын айтып шықты. Сабақтың соңында «Болашақта мен қандай болуым керек?» сұрағына талқылау жүргізілді.

2 «Ә» сыныбында «Еңбек-бәрін жеңбек» атты тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: Сәрсенбаева А.С.

Мақсаты: Оқушыларға тек еңбек арқылы барлық жетістікке жетуге болатындығын түсіндіру. Оқушыларды адам еңбегін бағалай білуге, еңбек адамдарын сыйлай білуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағатының жоспары оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып жасалынған. Сабақ кезінде ойын элементтері орынды қолданылды. Сабақта күнделікті өмірмен байланысқа, сөз мәнеріне, сөйлеу дағдыларына, тәрбиелік кезеңдеріне көп көңіл бөлінді. Сабақта жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланылды.

8 желтоқсан күні апталықтың жабылу салтанаты өтті. Апталықтың жабылу салтанатын бастауыш сынып әдістемелік мүшелері жүргізді. Апталық кезінде өткен сайыстар бойынша жеңімпаз оқушыларды марапаттап, апталық қорытындыланды.